

ӘДЕБИ ТІЛ МЕН ДИАЛЕКТОЛОГИЯНЫҢ ТҮТАСТЫҒЫ

Сайфудинова Насиба Сейдрахымқызы

Шыршық мемлекеттік педогогикалық университеті қазақ тілі мен әдебиеті
бағытының 2-курс студенті

Анарбекова Гулжан Азизбековна

Ғылыми жетекші: Шыршық мемлекеттік
педагогика университетінің оқытушысы.

E-mail: guljananarbekova@mail.ru

АННОТАЦИЯ

Мақала өз ішіне әдеби тіл мен диалект тілдің арасындағы айырмасын және біз қайтсек диалект сөздерден емес, әдеби сөздерден қолдана алатындығымыз жайлы кеңінен мәлімет берілген. Сонымен қатар, диалект және әдеби тілге жеке-жеке анықтама, яғни түсінік беріп өтілген.

Кілт сөздер: тіл, ұлт, қоғам, білім, енгізу, ғасыр, даму, ақпарат, қазақ.

ABSTRACT

The article contains extensive information about the difference between a literary language and a dialect language and that we can use literary words instead of dialect words. In addition, the dialect and the literary language are defined separately.

Keywords: language, nation, society, education, introduction, century, development, information, Kazakh.

Әрбір ел, қоғам, ұлт болып дамуы үшін тіл қашанда өмір сүруі керек. Егерде, бірер-бір халықты жою үшін тілі мен дінін жойса болғаны. Тіл – ұлттың тірегі саналмақ. Тіл – ешқашан құламайтын қамал және өсе бермек. Техникалар қарқынмен өсіп жатқан ғасырда тіл дамымай қоймайды. Егер қайсы бір саланы алар болсақ, оның дамып жатқанын байқаймыз.

Қазіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдары дамып жатқан бір уақытта тіпті кітаптардың электрондық вариантын алып оқуға мүмкіндігіміз бар. Күні бүгінге дейін тіліміз тіл болып қалыптасуына ғалымдарымыз біраз еңбек еткен. Тіліміз өзіндік тіл болып қалыптасуына үлес қосқаны өзге тілден енген сөздердің қазақша баламасын енгізген. Бүгін де қазақ тілі дамып пәнге енгізіліп қазақ балалары өз тілінде оқып жатқанының өзі бір үлкен жетістік. Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында да қазақ бағытында оқытылып жатыр. Тіл дамуы үшін

ұлт біргелікте әрекет жасауы керек. Әдеби тілді дамыту үшін халық арасында қазақ тілінен деген сүйіспеншілікті, ұлтқа деген патриоттық сезімді ояту керек. Басқа тілдегі сөздерге еліктемей, өз тілімізді ардақ тұтып, қазақ тілінде ғана сөйлененіміз жөн. Сондықтан болар,

Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте.

Өз тілің бірлік үшін,
Өзге тіл тірлік үшін.

Тіл білген – ел біледі – деген мақалдарды босқа шығармаған. Әр тілді үйрену барысында ол тілдің мәдениетін, әдебиетін, тарихын да қатар үйренеміз. Басқа бір тілді үйрену барысында ол елдің ортақ қағидаларын, өмір сүру, салтын да үйреніп жатамыз. Өзге тілді үйрену барысында үлгі аларлық жәйіттеріміз де жоқ емес. Сонымен қатар, әрбір әдеби сөзге қарама-қарсы диалект баламасы болады. Тіл білімінің диалектілер мен сөйленістерді яғни бір сөзбен айтқанда (говорларды) зерттейтін саласы – диалектология (диалектос – сөйлеу, сөйленіс, логос – ілім деген грек сөздерінен құралған) деп аталады. Диалект сөздер жергілікті тіл аймақтарының сөйлеу әдебі яғни диалект сөздерді біз көбінесе шығарма немесе хикаяларда кездестіре бермейміз. Диалект сөздерге біршама тоқталып өтсек. Дауысты дыбыстарға байланысты ерекшеліктер.

А мен Ә
Әйту-айту
Бәте-бата
Дастархан-дәстархан
Әсіл-асыл
Тәзә-таза
Жәмән-жаман
Әшәр-асар
Сәәт-сағат
Тәмәләш-тамамдау
Чәнчу-шаншу
Чәрвә-шаруа
Қай жерде – кәйерде
Ылаж – іләж
Абыржып – әбіржіп
Кесел – кәсәл
Асыл – әсіл

Қайтып – кәйтiп
Қане – кәне
Қадiрлеу – кәдiрлеу
Қазыр – әзiр
Қары – кәрi
Ажым – әжiм
Барын – бәрiн

– деген сияқты өзгерiстердi сеземiз. Диалект сөздердi жоққа шығара алмаймыз. Кейбiр ғалымдарымыз диалект сөздердi жоқ бiз бәрiмiз бiр елмiз қазақпыз, бiр – бiрiмiздi толықтай түсiне аламыз десе, ал кейбiрi болса диалект сөздер баршылық оны жоққа шығара алмаймыз деп отыр. Дәл осы проблема әлi күнге дейiн ғалымдарымыз арасында дау дамай болып келуде. Дегенмен, көбiнесе диалект сөздi қолданатын адамдардың әдеби тiлге үйренуi бiршама қиындық тудырады.

Диалект жайлы сөз жүргiзсек мiндеттi түрде әдеби тiл қатар жүредi. Әдеби тiлге тiлдiк нормаларға мен телехабардағы сөйлеу стилi кiредi. Әдеби тiлдiң жұртшылықтың бәрiне бiрдей ортақ болу оны диалект, жаргон сияқты жергiлiктi сөздерден өзгешелеп тұрады. Әрқашан әдеби тiл дамуы керек. Тiлге басқа тiлден енген кiрме сөздерiмiздiң әдеби баламасы қарастырылып ұсынылу керек. Тiлiмiз қаншалық әдеби сөздерге бай болса сөздiк қоры соншалық байып отырады деген сөз. Тоқсан ауыз сөздiң тобықтай түйiнiн айтар болсақ, диалект сөздердi бiз жоққа шығара алмаймыз дегенмен әрқашан әдеби тiлде сөйлеуге әдеттенуiмiз керек. Ал диалект сөздердiң әдеби баламасын ұмытпағанымыз және ескеруiмiз жүруiмiз шарт. Кейбiр елдi-мекендерде, тiптi, қолданылып отырған диалект сөздiң баламасын бiлмейдi.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТIЗIМI: (REFERENCES)

- 1)Қазақ тiлi. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Бiлiм, мәдениет және денсаулық сақтау министрлiгi, Қазақстан даму институты, 1998 жыл.
- 2)Балақаев М., Қазақ тiлiнiң мәдениетi. А., 1977ж
- 3) Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейiсов Е., Қазақ әдеби тiлiнiң тарихы. А., 1976.
- 4)Жұбанов.Е. Халық әдебиетi тiлiн зерттеудi лингвостилистикалық аспектiлер, А., 1997.ж